

Т.В.Мұстафина, Б.Е.Колумбаев

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Дао іліміндегі қарама-қайшылықтардың үйлесімділігі

Мақалада автор қытай елінің дүниетанымына тән ерекшелікті философиялық тұрғыдан ұғынуға ұмтылыс жасайды. Екі бастаманы, екі күштерді салыстыру ертеден келе жатқан қытай елінің рухани әлемін сипаттайтын белгілер, бұлар бір-бірімен қатар өмір сүрмейді, сонымен қатар өзара бір-бірін толықтырып отырады. Авторлар осы қарама-қарсы күштердің бірлігін адам мен қоғамның физикалық және рухани әлемінің үйлесуінің негізі ретінде қарастырды.

Кілтті сөздер: философия, ежелгі Қытай, мәдениет, заттар, құбылыстар, ақиқат, ұғымдар, ілімдер, дао ілімі.

Ежелгі кезден-ақ Қытай мәдениетінде заттар мен құбылыстардың сан алуандығының түбінде ең жоғарғы ақиқат бар деп қарастырылып келді. Әдетте оны үш негізгі түсінік арқылы түсіндіреді: «толық», «жан-жақты қамтылған», «біртұтас». Ұғымдар бір-бірінен ерекшеленгенімен, бұлар жүйелеуге тырысатын шындық біреу ғана — «Жалғыз».

Қытайлықтар бұл ақиқатты әуел басында «Жол» деген мағынаға ие Дао деп атаған. Кейін конфуцийшілдіктер бұл ұғымға басқа түсіндірмелер енгізген. Олар адам баласына тән Дао, немесе қоғамдық өмірдің Дао жолы, туралы баяндап, оны моральдік тұрғыдан дұрыс өмір сүру образы деп түсінген.

Алғашқы космостық мағынада Дао — анықталуға келмейтін жоғарғы шындық. Бұл түсініктің баламасын индуизм немесе буддизмдегі сәйкес ұғымдар арқылы салыстыра отырып ашуға болады. Алайда Дао ол ұғымдардан, қытайлықтар ойынша, барша Ғаламшарға тән өзінің ішкі динамикалық мәнімен айрықшаланады. Дао — космостық процесс, бұл даму жолына барлық заттар қатысып, әлем тұрақсыз әрі өзгермелі болып келеді.

Ұқсас көзқарастарды кездестіруге болатын үнділік буддизмде де тұрақсыздық туралы ілім қалыптасқан. Бірақ олардың діни дүниетанымында ұғым тек адамның психологиясына ғана қатысты қолданылады. Қытайлықтар болса, тұрақсыздық пен өзгеру тек әлемге тән қасиет болып қала бермейтіндігін ескеріп, әрбір өзгеріс нақты бір үлгіге сәйкес өзгереді дегенге күмәнсіз сенді. Нағыз ойшыл осы үгілерді танып, соған сәйкес әрекет етуге тырысады. Осылайша, ол табиғатпен гармонияда өмір сүретін, барлық бастамаларда бірінші болатын «бойында Дао табылған адамға» айналады. Б.д.д. II-ғасырда өмір сүрген Хуэй Нань-Цзы ойшылдың айтуынша: «Аспан мен Жердің табиғи процестеріне еріп, Даоға бой ұсынған адамға бүкіл әлемді де басқару қиынға соқпайды» [1].

Сонда адамзат ұғынуы тиіс космостық Жол үнемі өзгеріп отырып, қандай тұрақты негізге бейім? Даоның басты ерекшелігі — оның таусылмайтын өзгерістері мен қозғалысының қайталануында. «Даоның қозғалысы дегеніміз — қайта оралу, — дейді Лао-Цзы. — Алысқа кету дегеніміз — қайтып келу». Мұнда табиғат пен адамның жан дүниесіндегі барлық процестер цикл бойынша үнемі қайталанып отырып, жақындау және алыстау, кеңею мен сығылу фазаларына сай өтетіні туралы ой түйінделген.

Қытай халқымен әлемдік заңдылықтың көрінісі деп танылған Ай мен Күннің қозғалысы, жыл мезгілдерінің ауысуы аталмыш түсінікке түпнегіз болғаны айқындалады. Қытайлықтар қандай да бір жағдай өзінің шегіне жеткен кезде көп ұзамай қарама-қарсы бағытта даму процесі басталатынына күмәнсіз сенген. Бұл сенімділік олардың ауыртпалық кезеңдерде рухын көтеріп, қолайлы жағдайларда өзішілдіктен сақтаған. Нәтижесінде конфуцийшілдер мен даостар үшін ортақ «Алтын ереже» ілімі қалыптасты. Шың данышпан, Лао-Цзы бойынша, шамасынан артық әрекет етпейді, өзінің әлсіздігін ешбір уақытта мақұлдамайды, бір белеске жеткеннен-ақ ары қарай жолын тоқтатпай жүре береді.

Қытайлықтар ойынша, тым көпке ие болғанша, азды ғана иелену артық: істі орындағанда мөлшерден артық ынталанудан гөрі соңына дейін орындамай-ақ қалдырған жөн, өйткені шамадан артық асығыста ілгері қарай қозғалыс та шамалы. Бірақ нағыз данышпан дұрыс бағытта келе жатқанына күмәнданбағаны тиіс. Адам Шығысқа қарай жүре-жүре, ақырында Батысқа жетеді...

Қытай дүниетанымында Дао қозғалысындағы циклдік өзгеріс құрылысы қарама-қайшы «Ян» және «Инь» түсініктері арқылы көрініс тапты. Ян мен Инь күштері өзгеріс шеңберін айқындайтын екі

шекара: «Ян өзінің даму шегіне жеткенде, Иньнің алдында шегінеді. Инь шегіне дейін дамығанда, Янға бой ұсынады».

Қытайлықтардың ойынша, Даоның барлық көріністері бұл екі қарама-қарсы күштердің динамикалық алмасуы мен біріне-бірі әсер етуінен жүзеге асады. Қытай философиясының Ян–Инь жұбы архетиптік символға айналмас бұрын сан ғасырлар бойы бірнеше ұрпақтарды толғандырып келгені сөзсіз.

Ежелгі заманнан-ақ екі қарама-қарсы бастама тек жарық пен түнекті ғана түсіндіріп қоймай, икемді және қатты, ер мен әйел бейнесінде қалыптасты. Ян — жігерлі ер, творчестволық бастама ретінде Аспанмен байланыстырылды. Инь қараңғылықты бейнелеп, Ана бастамасы Жер деп түсіндірілді. Аспан жоғарыда орналасып, тыңбай қозғалыста болады, Жер болса, ежелгі дүниетаным бойынша, астында. Сондықтан Ян қозғалысты, Инь тыныштық күйін бейнелейтін болды. Адамның ой жүйесінде де бұл символдың көрініс тапқанын байқауға болады: Инь — күрделі интуитивті ақыл, ал Ян — нақты рационалды зерде, Инь терең ойға батқан данышпанның әрекетсіздігін бейнелесе, Ян билеушінің жасампаз әрекетін суреттейді [2].

Ян мен Иньді үнемі салыстыру Қытай мәдениетін түгелдей қамтып, дәстүрлі Қытайдың өмір салтын анықтайды. Чжуан-Цзы айтқандай: «Өмір — Ян мен Иньнің гармониялы қоспасы».

Қытайлық дүниетанымда табиғат әуел бастан гармониялы. Ал адам баласы табиғаттан тыс емес, ол оның ажырамас маңызды тұлғасы. Осыдан адам да бастапқыда бойында екі жетекші күші бар кемел екені мәлім. Қытайдың «Дао» ілімі адамдарды сыртқы қатынастарда жоғалтқан негізгі табиғатына қайтып оралуға және түпкі табиғи энергиялардың көзін ашу арқылы әлемдік үндестіктің негізі Даоның жолына шақырады. Бұл жерде «әрекетсіздік» принципін атқаратын ролі зор. «Әрекетсіздік» бұл адамдардың сыртқы қатынастарында өзін жоғалтып алмауына бағытталған қасиет болып саналады. Даоның өзі кейбір жүйелердегідей адамдардың өмірінен тыс тұрған Құдай бейнесіндегі ұғым емес, ол жарық пен қараңғылықтың, бар мен жоқтың, өмір мен өлімнің өлшемі.

Қытай дүниетанымында әлем ежелден-ақ гармониялы, өйткені Ян мен Инь әрекеттестігі «табиғи заңдылықтарды» тудырады. Табиғат үйлесімді болғандықтан, адам екі негізгі нұсқау негізінде әрекет жасау керек:

1) табиғатқа қандай да бір еркін, дәлелсіз араласу үйлесімділіктің бұзылуына әкеледі, сондықтан адам әрекеттері осы гармонияны үнемі сақтап қалуға бағытталуы тиіс;

2) қоғамда адам әрекеттері табиғи заңдылықтарға сүйеніп, Ян–Инь күштеріне сәйкес орындалып отырса, қоғам да, жеке адам да дұрыс тәртіпте өмір сүреді, керісінше, адам әрекеттері «табиғи тәртіпті» бұзған кезде, мемлекет құлдырайды.

Сондықтан білім алудың мақсаты табиғи гармонияны сақтауды үйрену екені анықталды. Ежелгі Қытай дүниетанымын түсінген кезде, бізді қоршап тұрған әлем өз бетінше гармонияның ең айқын көрсеткіші екенін ескеріп, ондағы адам өмірі аталмыш «табиғи үйлесімділікті» бағамдау болып табылады. Адамның гармониялы әрекеттерінен оның өзінің және қоғамның гүлденуі де басталатыны сөзсіз.

Екі зор қуатты «Ян» және «Инь» ұғымдары арқылы бүкіл Дао қозғалысын түсіндіріп шығу оңай сияқты. Бірақ қытайлықтар бұнымен ғана шектеліп қалмаған. Олар Ян мен Инь байланысының барлық нұсқаларын зерттей отырып, космостық архетиптер жүйесін жасап шығарады. Бұл жүйе қытайлықтар үшін дәстүрлі канондардың ішінде ең маңыздысы «И цзинде» берілген.

«И цзин», немесе «Өзгерістер кітабы», — қытай мәдениетіндегі Алты кітаптың бірінші бөлімі әрі Қытай философиясының қайнар көзі деп аталуға лайық шығарма. Мың жылдар бойы қытайлықтар үшін құрмет пен сыйға бөлінген «Өзгерістер кітабына» деген қатынасты басқа мәдениеттердегі қасиетті жазбалармен салыстыруға болады. Мысал ретінде үнділіктердің Ведаларға немесе христиан мәдениетіндегі Інжілге деген құрметті айта кетуге болады. Әйгілі синолог Рихард Вильгельм «Өзгерістер кітабын» ағылшын тіліне аударған кезде кіріспеді былай деген: «Өзгерістер кітабы» әлем әдебиетінің маңызды шығармаларының бірі екеніне дау жоқ. Оның тарихы сонау мифологиялық санаға барып тіреледі және бүгінгі күнге дейін Қытай халқының ең үздік ақыл иелерінің қалт етпейтін бақылауының объектісі болып қала бермек. Қытай халқының үшмыңжылдық өркениетінің тарихындағы барлық маңызды да мәнді оқиғалар «Өзгерістер кітабынан» шабыт алып отырған немесе ондағы мәтіндер әлі күнге дейін үнемі талқылауды талап етеді. Сондықтан да ешбір күмәнсіз «И цзин» шығармасы бойына сан ғасырлардың даналығын сіңірген туынды деуге болады» [3].

«Өзгерістер кітабында» ұғынуға тиісті образдар, түсінуді қажет ететін терең ойлар жатыр. «Бақыт» және «бақытсыздық» ұғымдары өз үлестерін шешім қабылдауға жәрдемдесу үшін алған. «И цзиннің» басты міндеті — болашақты болжау емес, қалыптасқан жағдайда бар заттардың құпиясын

ашу. «И Цзинге» берілген мұндай сипат оны балгерлерге арналған нұсқаудан әлдеқайда жоғары көтеріп, даналықтың кітабы деп атауға тура келеді.

Даналық кітабы ретінде «И цзин» бал ашуға негізделген «И цзиннен» гөрі едәуір көлемді әрі терең. Сан ғасырлар бойы ол Қытайдың жетекші ойшылдарын толғандырып отырған. Тіпті Лао-Цзыдың кейбір нақыл сөздері сол кітаптан нәр алған деген пікірлер айтылады. Өз заманында Конфуций бұл шығарманы мұқият зерттеген. Кітаптың соңғы бөлімдерін құрайтын көптеген комментарийлер жинағы осы ойшылдың философиялық мектебінде дүниеге келді. «Он қанат» деп аталатын бұл комментарийлер гексаграммаларға құрылымдық анализ және философиялық түсіндірме беруге негізделген [2; 15].

Конфуцийшілдер комментарийлері тіпті «И цзиннің» де басты идеясы барлық жағдайлардың динамикалық мінездемесінде түйіседі. «Өзгерістер кітабының» негізгі мұрасы — барлық мәндердің үздіксіз өзгерісі мен алмасуы туралы даналықты халыққа жеткізу деп айта аламыз.

«И цзин» өмір құпияларын ашатын оқу құралы емес, ондағы Дао қашан да өзгеріп отырады. Ал өзгеру дегеніміз не? Өзгеріс деген — бір минут тыным таппай қозғалу.

Ежелгі кезден-ақ Конфуцийдің мақсаты «даналықты жасау емес», «оны тасымалдауда, сүюде» еді [1; 44]. Көне даналықты келешек ұрпаққа тасымалдау барысында мәдени-шығармашылық қасиет зор үлес алған, өйткені алғашқы конфуцийшілдер арқа сүйенген архаикалық шығармалардың (канондар) өзі сол заманда өмір сүрген ойшылдармен де толық қамтылмай, түсіндіруді қажет етті. Нәтижесінде Қытай философиясында ежелгі классикалық шығармаларға комментарий беру шығармашылықтың жетекші әдісіне айналды. Тіпті әрбір ізденуші жаңалық ашқанда өзін бұрынғы идеологиялық ортодоксияны талқылаушы ғана деп көрсетуге тырысты. Теориялық жаңашылдыққа, әдетте, екпін, анық көрініс берілмейтін, жаңашылдық тіпті комментаторлық мәтіндердің тұңғығында жоғалып кетуге жақын болатын [3; 38].

Қытай философиясының бұл ерекшелігі бірнеше әлеуметтік, лингвистикалық факторлармен анықталады. Көне Қытай қоғамы ежелгі Грецияда қалыптасқан полистік демократияны және сол елдегі болмыстың анығын бағамдау жолында саналы түрде оны қоршап тұрған эмпирикалық өмірден бас тартқан философтың образын білмеген және жасауға да тырыспаған. Б.д.д. II-ғасырда Конфуций ілімі ресми идеологияға айнала бастаған кездің өзінде философиялық ойды мемлекеттік институттармен, сондай-ақ канондық мәтіндер жүйесі «классикалық әдебиетпен» бекітетін емтихандық жүйе қалыптаса бастады.

Әлеуметтік ортадағы жоғары орнына сәйкес қытай қоғамында философия еш уақытта «теологияның құлына» айналмай, «ғылымдардың патшасы» болып қалды. Қытай философиясының теологиямен жақындасуын оның канондық мәтіндерді үнемі қолданылып, оларға арқа сүйенгенінен байқауға болады. Бұл дәстүрдегі канондық мәселеге қатысты ой қозғайтын болсақ, бұрынғы пікірлердің барлығына үнемі сілтеме жасап отыру әдісі қытайлық ойшылдарды философияның тарихшыларына айналдырып отырған сияқты. Конфуций қалдырған өсиеттің мәні ең әуелі тарихи және әбеди ескерткіштері «Шу цзин» мен «Ши цзинде» көрініс тапқанын естен шығармаған жөн. Осылайша Қытай философиясының нақты ерекшеліктерін тарихи ой, әдеби өнермен тығыз байланысы анықтайтынына көз жеткіземіз. Қытай мәдениетіндегі философиялық шығармаларда әдетте әбеди форма басым болған. Бір жағынан, философияның өзі қатаң абстракцияға үміттенбеді, екінші жағынан, әдебиеттің өзін де оқырманына философиялық ойды жеткізуге тырысты.

Жоғарғы мақсатқа жету жолында адамға ең әуелі берік тірек қажет. Басқаға үлгі болмас бұрын адам өз-өзімен көп жұмыс істеуі керек. «Ұлы қарт патшамен мадақталған тазалық пен тыныштықтың асыл кітабы» деп аталатын көне даолық шығармада былай делінген: «Даода тазалық та, көмескілік те бар, қозғалыс та, тыныштық та байқалады. Аспан кіршіксіз таза, Жер күңгірт. Аспан мәңгі қозғалады, Жер үнемі тыныштығын сақтайды. Ер бастауы анық таза, әйелдік бастау оған керісінше сипатта көрінеді. Пәк тазалық — тазалық еместің қайнар көзі. Қозғалыс — тыныштықтың негізі. Егер адамдар тазалық пен тыныштықты сақтай білсе, Аспан мен Жер де табиғатынан алшақтамайды. Адамның рухы негізінен пәк таза, бірақ сана ғұрлы оны қашан да кірлетуге тырысады. Адамның жүрегі тыныштықты сақтауды жөн көргенімен, құмарлыққа беріліп, алдымшы мақсаттарға бар ынтасын салып жібереді. Ал қызығушылықтарын билей алатын адам жүректің де тазалығын жоғалтпайды. Жүрегін тазартқан адамның рухы да мықты болады [4].

Пендешілікке шырмалып қалған, білімі мен күшін өздеріне мансап пен пайда табуда ғана қолданылатын, рухани кемелдіктің мәнін түсінбеген адамдар өздерінің көзқарастары, өмірге деген қатынасы шындықтан қаншалықты алыстағанын аңғармайтын да сияқты... Сананы қате ұстанымдардан тазартудың мәні адам баласынан әуре сараң болмыстың шарттылығы мен

дағдысынан босануын талап етуде ашылады. Бұнымен қоса адам өмірге жаңаша көзқарасты ұстанады, былайша айтқанда қайтадан туады деген болжамдар күтіледі.

Лао-Цзы кітабында мынадай нақылдар бар: «Шарасыздықтың шегіне жет, бар ықыласпен тыныштығыңды сақта. Сансыз заттар бір уақытта пайда болады, мен болсам, олардың өз тамырына қайтып оралуын аңдып қана отырамын». Осы жерде «тыныштық» деген түсінікке көңіл бөліп көрейік. Лао-Цзыдың даналығы мына ойды түсіндіреді: тыныштық күйі өзінің шегіне жетсе, сол уақытта қозғалыс пайда болады. Міне, осында барлық құбылыстардың құнды мәнін аңғара білу қажет.

«Ұғыну» актісінің мәні даостар үшін келесі тұрғыда ашылады: адамның жаны мен тәні шекті тыныштыққа жеткен кезде, санада «зат» пайда болады. Ол пейзаж, адам немесе кез келген құбылыс болуы мүмкін. Пайда болған бейнеге еріксіз дамуды қамтамасыз ету керек, ол дамуға шегіне жетуді қамтамасыз еткен жөн. Осындай «аяқталу» сана табиғатына терең үңілуге жол ашады.

Қытайлықтар дүниетанымында Ұлы Дао осы бар әлемнен әлдеқайда бұрын болған. Оның басы мен аяғы, формасы мен бейнесі де жоқ. Оған ешқандай атау беру мүмкін емес. Адамдар шартты түрде өзге ұғым табылмағандықтан, оны «Дао» деп атап келеді. Даоның мәні ақылға сыймайды, терең әрі тұңғық. Дао иероглифінде ең әуелі екі нүкте қойылады: сол жақ нүкте күнді, оң жақ нүкте айды бейнелейді. Бұл дегеніміз ер бастамасы «Ян» мен әйел бастамасы — «Иньді» тұтастыққа келтіретін Жоғарғы шекті бейнелеу деп аталады. Аталмыш екі нүкте «даналықтың жарығы» көрініс табатын Жердегі от пен суды, адам денесіндегі екі көзді символикалық түрде жеткізеді. Нүктелерден төмен «бірлік» белгісі салынады. Бұл белгі әлемдегі барлық заттарды бейнелейді. Одан төмен «өзім/өзіндік» белгісі жазылады. Себебі аспан мен жер, ай мен күн, сансыз заттардың барлығы адам бойына сыйып кетеді. Дао адамның өзінен өзге емес. Бұл белгілердің қосындысы «бас» деген мағынаны береді. Бас барлығының бастамасы емес пе? Даоға жету — қытайлықтар үшін жер бетіндегі адам баласының қолынан келетін ең маңызды және қайырымды істердің бірден-бірі. Иероглифтің ең соңында «жүру» деген белгі жазылады. Жүру деген бірденені іске асыру деп түсінуге болады. Адам өзінің бойында Даоны жүзеге асырады, Дао өзін бүкіл әлемде жүзеге асырып отырады. «Дао» түсінігінің мағынасын осылайша ашып көру ойды ары қарай дамытуға түрткі бола алады.

Тыныштық күйі — Даоға жетуге қолайлы жағдайдың бірі. Бұл сөздің мағынасын ашық мағынада талдауға болмайды. Бұл түсінікте үйлесімділіктің мағынасы жатыр, барша әлемнің мәні аңғарылады. Бұл түсінік Аспан, Жер, Адамды қамтып отыр. Адамдар күнделікті өмірде Бос кеңістік, босатылу туралы әутеуір сөз айтысып жатады. Қарапайым адамға бос кеңістіктегі күй беймәлім, әрине, ол тыныштық дегенді де біле қоймауы да әбден мүмкін. Тыныштық күйі бос кеңістіктен туындаса керек. Егер адамның жүрегінде тыныштық болмаса, оны құмарлықтар мен нәпсі билеп тұр деп түсінуге болады. Өзімшілдік, бос құмарлық қашан да адамның кемелдік жолын бөгеп тұрады. Адам бойында жаңа құмарлық пайда болған кезден-ақ, сана да ұланады. Ци энергиясы да өзінің табиғи жолынан адасып, сол құмарлыққа құлшылық ете бастайды. Осыдан адамның рухани күші де төмендейді. Мұндай күйде адам қаншалықты Даоға жетемін деп талпынса да, нәтижесіз қорытындыға бас ұрады. Даостардың ойынша, адам тыныштық күйіне түссе, оның бойына Дао рухы да ұялай бастайды. Бір сөзбен айтқанда, үйлесімділікті орнату үшін ең әуелі тыныштық күйі маңызды. Дао Адамын қоршаған орта үнемі қозғалыста болса, оның жүрегі тыныштық күйін сақтайды. Бұл күйге қалайша жету керек екені сан жылдар бойы қытай философиясының жұртқа беймәлім құпиясы болып келген. Адам бойында шарасыздық, әрекетсіздік күйі шегіне жеткен шақта, өздігінен қозғалыс та пайда болады. Адам өмірінде, қоршаған әлемде болған және болып жатқан өзгерістер сол адамның өзінен-ақ басталады.

«Инь бастамасы өзінің шегіне жеткен кезде, Ян бастамасы туады» дейді қытай даналығы. Ылғалдылық — судың көрсеткіші, су барлық тіршілікке қуат береді. «Өзгерістер кітабындағы» әйгілі сегіз триграммаға сәйкес Кунь (Жер) және Кань (Су) триграммалары астыңғы қатарда орналасады. «Өзгерістер кітабына» берілген комментарийлерде былай делінген: «Кунь белгісі арқылы бар әлем мағынаға бөлінеді». Тыныштық күйін қорғап отыру, бос кеңістікті сақтау өнері Жер триграммасының басты қасиеті деп саналады [2; 21].

Ежелгі даостар айтып кеткен «жан дүниенің ішкі кемелдігін» әрбір адам баласы түсіне алады және оған жету де әбден мүмкін. Үйлесімділік адамның табиғат пен өмірді бағамдауынан басталады. Табиғаттың кемелденуі рух, жан, ерік, тыныштықпен жұмыс істеуді талап етеді. Өмірдің кемелденуі болса, адамның ішкі энергиясын дұрыс бағытқа бағыттай білуді көздейді. Әрине, кемелдікке жету жолында ең маңызды шарт болып саналатын тыныштық пен қозғалыстың гармониясын сақтап отыру дегенді естен шығармаған жөн болар. Адам баласының үйлесімділікке жету жолында табиғилық пен

рухани өзгерістерді қабылдай білуі өте маңызды. Қытайлықтар үшін өмірді тәрбиелеу Ян мен Иньнің қарым-қатынасынан басталып, сандар іліміне негізделеді. Ян мен Инь байланысы — Аспан мен Жердің мәңгі жолы. Рухани және қоршаған әлемнің үйлесімділігі Аспан, Жер, Адамды да қамтиды, өз кезегінде ол гармония Ян мен Иньнің, бес Стихияның, Сегіз триграмманың біріне-бірі алмасу заңдылығы арқылы қоғам өмірі мен табиғаттың жетілуіне үлес қосады. Шегі жоқ әлемнің метаморфозалары кішкентай әлемге әсер етпей қалмайды және, керісінше, кішкентай әлемде болып жатқан өзгерістер Ғаламшарда да көрінісін байқатып отырады. Көне даостар былай депті деген деректер сақталған: «Адам жанының тәніне қатынасын мемлекеттегі патшаның беделімен салыстыруға болады. Егер жан тынышталмаса, тән де дертке ұшырайды. Егер мемлекеттің басшысы надан болса, ел арасында да бүлікшілік пайда болады. Осылайша тән өзінің тірегін жаннан тауып, өз кезегінде жан өмір сүру үшін тәнді қажет етеді. Сондықтан адам баласы табиғатты аялай отырып, рухтың қуатын қорғайды, жүрегінің тыныштығын сақтай отырып, тәннің қамын ойлайды» [4; 17].

Өмірдің жұмбағын шеше алған адам өз бойында пәк тазалықты тәрбиелейді, тыныштыққа жетуге тырысады. Бос әуреге салынбай, әрбір істі бастамас бұрын, оның мәніне терең үніледі. Тек осындай талаптарды іске асыра білген ізденуші ғана рух пен денені гармонияға келтіре алады. Өзінің жан дүниесінде үйлесімділікке жеткен адам Әлемнің гармониясын да бағамдай алмайды ма?

Дао іліміндегі үйлесімділікке қатысты өсиеттерге құлақ түріп көңіл бөлсек, әрқайсысымыз өзіміздің жеке тәжірибемізден де ұқсастықтарды аңғарамыз. Сонау дәуірде қалған даналықтың бүгінгі күнде де күшін жоғалтпауы еріксіз таң қалдырады. Күнделікті өмірдегі әрбір ой, іс-әрекет адамды кемелдікке жетелей алады. Адамның әлемдегі барлық өзгерістерге үн қату қабілеті — жоғарғы деңгейдегі руханилық пен мәңгі өмірдің кілті екенін ескере кеткен жөн болар.

Адамды өмір өзі-ақ құпия белгілер арқылы Жолға бағыттайды. Тылсым белгілер әлемдік өзгерістер заңдылықтарынан туындаған. Қытайлықтардың ойынша, кеңістікте алты жақ бар: жоғарғы және төмен, алды және арты, оң және сол жақтар. Әрбір жақтың өзіне ғана тән күші бар және біріге отырып бұл күштер әлемдік тәртіпті орнатады. Егер бұларға күн мен айдың әсерін қосып көрсек, нәтижесінде сегіз күш бар деп есептеуге болады. Қытайлықтар үшін бұл сегіз күш «Өзгерістер кітабында» Сегіз триграмма арқылы түсіндіріледі [2; 46].

Адам санасының тұңғығында рухтың ерекше нұрлануы жасырынып тұрады. Адамның көзі көретін барлық дүние өзгеріп отырады. Аспан мен Жер, жарық жұлдыздары, таулар мен жазықтар, өзен мен көлдер, ағаштар мен гүлдер, құстар мен жануарлар, барлық атмосфералық құбылыстар, жыл мезгілдері, ыстық пен суық, тіпті адамдардың өздері әрбір сәтте өзгерістерге ұшырайды, әлеммен жаңа қарым-қатынасқа түседі. Барлығы да жоғарғысы мен төменгісі, алды мен арты, оңы мен солы мәңгі бақиге анықталып қоймаған әлемдік болмыстың шеңберінен шыға алмайды. Сырт көзге бұл өзгерістер кездейсоқтықтан және хаостық сипатта болатын сияқты. Шын мәнінде, барлық өзгерістерге тән қатаң тәртіп бар.

«Өзгерістер кітабында» былай делінген: «Ерте заманда өмір сүрген данышпан бейнелерді тамашалау үшін триграммаларды ойлап тапты. Сәттілік пен сәтсіздіктерді айқындау үшін, триграммаларға сөздер қосылды. Нағыз ер тыныштық күйінен шықпай, триграмма бейнелерін пайымдап, триграммаларға берілген түсіндірмелерге терең ойланады. Ондай адам әрекет еткенде өзгерістерді аңиды және болашақты алдын ала болжай алады. Сонда ол бастаған ісін ойдағыдай аяқтай алады» [2; 51].

«Өзгерістер кітабында» айтылатын «аңдау әкiсi» дегенiмiз адамзат өмiрiнiң космостық құпиясын түсiнудi ұйғарады. Мұны көрегендiктiң жоғарғы деңгейi деп те түсiнуге болады.

Әуел басында әлем жаратылмаған Хаос едi, бәрi мен барлығының Шексiздiктегi араласуы ғана болған. Кейiн Хаостан Ян және Инь күштерi, таза мен көмескi бөлiнiп шығады. Аспанда күн, ай, жұлдыздар мен планеталар, әр түрлi атмосфералық құбылыстар пайда бола бастады. Ал аспан мен жердiң арасында өсiмдiктер мен жануарлар тiршiлiк етедi. Бұрыннан-ақ айтылып жатқандай бүкiл дүниеде «адам — ерекше рухтың тiршiлiк иесiсi». Адам болашағын бiлу үшiн өткен өмiрiн ұғынуы тиiс. Ежелгi даостық өсиетте былай айтылған: «Ағаштың тамыры мен дiңгегi бiрге өседi» [1; 36]. Өмiрге деген даостық көзқарас әлемдегi метаморфозалардың құпия сырына үңiлудi көздейдi. Даостардың дүниетанымы бойынша әлемде ешбiр зат жеке тiршiлiк ете алмайды, менi қоршаған барлық адамдарда мендiк «Мен» бар, сондай-ақ менiң iшiмде басқа адамдардың да «менi» өмiр сүредi. Қытайда Аспан мен Адам «бiрге өмiр сүредi» деген. Нағыз данышпан таудан суды аңдайды, ал судан тауды көре алады, таулар мен сулар бiрiге отырып, адамды терең ойландырады [5].

Даостардың өздерi бұл жолмен өмiрдiң соңына дейiн жүредi. Олар тiптi теңiз жағалауындағы пейзаждан адамдардың қоғамдық өмiрiне тән заңдылықтарды көредi. Бiздерге бұл жайттар ақылға

симайтын қисындар деп көрінбей ме? Бірақ «аспан мен адамның өзара үн кату» принципін қабылдаған адас, мұнда жасырын тұрған терең ақиқаттың құпиясын түсінеді.

Адамдар өмірде әр түрлі көзқарастарды ұстанады, әр түрлі мақсаттарға ұмтылады. Сондықтан да адамдардың өмір жолдары да әр түрлі болып келеді. Мақсаттар әр түрлі болған кезде, оған жету жолдар да түрлі болады. Адамдардың ниеттері әр түрлі болғанда, жолдары да бірікпейді.

Өмірдің әрбір кездерінде адамның алдында түрлі-түрлі сауалдар туып жатады. Барлық сұрақтарға жауап тапқан сәтте, сауалдар да өзгереді. Адам баласы бұл дүниеде өзін алаңдататын неше түрлі мәселелердің шешімін табумен әуреге салынады. Жауаптарды міндетті түрде қажет етіп тұратындай, адам сол мәнді табуға бар күшін салып жүреді. Егер адам өмір сүруге тым көп мән беруге көңіл бөлсе, қытайлықтардың ойынша, мағынасыздыққа ғана ұрынады. Табиғилыққа бөгет жасайды... Барлығына тым терең мағына берген адам, өмірдің құпия қоры жіберген сигналдарын қабылдай да алмауы мүмкін емес пе?..

Ақиқат деген адамды мұңға әкелмеуі тиіс, керісінше, адамға еркіндік, шаттық сезімдерін сыйлайды. Нағыз ақиқат адамды өз бұғауына орап алып, «міндетті түрде әрқашан осындай шындық болады» деген принципті ұстанбайды.

Қытайлық даналық — бір ғана сәтті бақылау, қадағалау туралы ілім. Оның басты сұрағы «не?», «қалай?» деп қойылмайды. Ол үшін басты сауал — «қашан?» деген сұрақ. Қашан әрекет ету керек? Қашан тыныштықта болған жөн? Сол бір сәт қана адам үшін «қашан?» және «қайда?» деген сұрақтарға жауап береді. «Сәт адам үшін күніне, айына, жылына, жүз жылда бір рет қана ашылады, — дейді қытайлықтар. — Ол сәттен құр қалып қоймау керек. Егер ол сәт дастархан басында отырғанда келіп қалса, тез арада бәрін тастап оны қабылдаған жөн. Өйткені адам асықпай, сәтті кейін қолдануға ниет етсе, кеш те болып қалуы мүмкін» [3; 20].

Сонымен, ойымызды қорытындылайтын болсақ, қытай философиясындағы қарама-қайшылықтар қай уақытта да біріне-бірі қарама-қарсы бағытталған ұғымдар, күштер емес. Олар бірін-бірі толықтырады. Әр уақытта да олар үйлесімділікке ұмтылады. Ол үйлесімділіктің кепілі қашан да сол екі бастама Ян және Инь күштерінің бірлігі. Егер біздің санамызға қарама-қайшылық пен үйлесімділік екі түрлі түсінікті берсе, қытай дүниетанымында бұлар әр уақытта да бірлікте. Бұл үйлесімділік қытай мәдениетінің төл дүниетанымы — Дао ілімінде көрініс тауып келеді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Малявин В.В., Виноградский Б.Б.* Антология даосской философии. — М.: Товарищество «Клышников-Комаров и К», 1994.
- 2 *Шуцкий Ю.К.* Китайская классическая «Книга перемен». — М.: Книгиздат, 1993.
- 3 *История Китая. Духовная культура Китая.* — М.: Евролинц, 2003.
- 4 *Маслов А.А.* Загадки, тайны и коды «Дао Дэ цзина». — Ростов-н/Д.: Феникс, 2005. — С. 23.
- 5 *Восточная философия / М.Т.Степанянц.* — М.: Восточная литература РАН, 1997. — С. 35–38.

Т.В.Мустафина, Б.Е.Колумбаев

Совместимость противоречий в учении дао

В статье делается попытка философски осмыслить характерную черту китайского миропонимания — сопоставление двух начал. Две силы, издревне символизирующие китайскую духовность, не только сосуществуют параллельно, но и взаимодополняют друг друга. Автор рассматривает единство этих сил как основу гармонии духовного и физического миров человека и общества.

T.V.Mustafina, B.Y.Kolumbayev

Similarities of varieties in dao studies

The author makes an attempt to comprehend philosophically typical peculiarity of Chinese perception of the world — comparison of two origins. Two powers from the earliest times symbolizing Chinese spirituality not only exist parallelly but complement one another. The author considers the unity of these powers as the basis of harmony between human and society's spiritual and physical worlds.

ӘОЖ 2.297

Н.Р.Салыматова, Б.Е.Колумбаев

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Ислам дінінің қоғамдағы әйел дәрежесіне ықпалы

Мақалада қазіргі заманғы қоғамдағы әйел мәселесі, ислам заңдарының қоғамдағы әйелдің статусына тигізетін әсерінің мәселелері қарастырылды. Қоғамдағы әйелдің ролі адам дамуының аса маңызды факторы болып саналады. Авторлар Исламның қоғамдағы әйелдің роліне тигізетін әсеріне байланысты әр түрлі көзқарастарды негізгі құндылықтар мен идеяларды зерттей отырып, қалыптастырды.

Кілтті сөздер: дін, ислам, қоғам, қазақ қоғамы, әйел дәрежесі, салт-дәстүр, тұрмыс, құқық, шариғат.

Қазіргі кезде ислам дінінің қазақ жеріне келуімен байланысты әйел жағдайы мәселесіне қалай әсер еткендігі жөніндегі әр түрлі көзқарастар бар. Исламның бұл мәселеге қатысты жағымды жақтарын айтып, қолдайтындарына қоса, бұл діннің еш өзгеріс әкелмегендігін, тіпті, жағымсыз жақтары басым дейтіндер де баршылық. Қазақстан мемлекетінің тәуелсіздікке қол жеткізіп, өзіндік құндылықтарын арттырып, дамуы кезеңінде, алға қойып, зерттеліп, қарастырып жатқан мәселелері жетерлік. Бұлардың қатарында қоғамдағы әйел дәрежесі де бар. Бұл бүкіл әлемдік деңгейде көтеріліп, талқыланып жүрген мәселе. Осы тұрғыда бұл мәселені зерттеуде жан-жақты барлық жағдайларды; тарихи оқиғалар, қоғамдық саясат, мәдени даму, әлеуметтік өзгерістер т.б. ескеру өте маңызды.

Өткенге көз жүгіртер болсақ, қазақ жерінде қазақ елі үшін айтулы небір өзгерістер болғанын білеміз. Солардың ішіндегі негізгілерінің бірі, бастысы деп қазақ жеріндегі ислам дінінің таралуын көрсетуге болады. Қазақ халқының бұл дінді қабылдауы дәстүрлі салт-дәстүріміз бен қоғамдағы тұрмыстың біраз өзгерісіне алып келді.

Исламның әйел дәрежесіне ықпалы мәселесін қарастырмас бұрын, сонау исламның араб жеріне келуіне дейінгі жағдайын қарастырайық. Ол кезеңде, яғни жахилия уақытында, әйел адамның еш құқығы болған жоқ. Ол, тіпті, күйеуі немесе әкесі өлген жағдайда да еш дәмелене алмайтын, себебі ер адам ғана мирасқа ие болатын болған. Бұның себебі — әйелдер ешбір шабуылдар мен әскери қақтығыстарға қатыспауы. Тіпті отбасында дүниеге қыз бала келген кезде, ұят пен қайыршылықтан арылу мақсатында, нәрестені тірідей жерге көмген жағдайлар да болғанын білеміз.

Исламның әйелді төмен ұстайтынын, кем санайтынан мойындау керек дейді біреулер. Олар мысал ретінде көп некелік, әйелді қамап ұстау, отбасы-ошақ қасында күннің есебінде жүру, еріне басыбайлы бағынышты болу, қожасының күтуші күндермен заңды түрде қатынасқа түсуі, мұра бөліскен кезде еркекке екі үлестің берілетіндігін келтіреді.